

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Философиялық ғылымдар» бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D020400-Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Әбікенов Жарқынбектің «Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарға семиотикалық талдау» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесшінің

### ПІКІРІ

Жұмыстың негізгі ғылыми жаңалығы мәдени құндылықтарды семиотикалық тұрғыдан зерттеу арқылы оның мәдени үлгі нысандары сараланып, басқа тарихи кезеңдердегі мәдениеттер араласу ықпалымен дамыған нысандарына және даму жолдарына мәдениеттанулық және антропологиялық тұрғыдан талдау беру зерттеудің мақсатын нақтыландырады.

Әбікенов Жарқынбектің зерттеу объектісі ретінде алып отырған мәселесі өзінің әмбебаптылығымен және көпқырлылығымен айқындалады. Мәдени антропологиялық мәселе тек бір ғылым төңірегінде шешіле қоймайды. Басқа ғалымдар сияқты мәдениеттану да бұл мәселенің қойылуы мен шешімдерін ұсынуда ерекше белсенділік танытып тұр. Диссертанттың пікірінше, жұмыстың мақсаты Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтар үдерісін батыстық зерттеу ұстанымын қазақы этномәдени қисынмен үйлестіріп, рәміздік мәдени мән-мағынасын кешенді мәдениеттанулық зерттеулер арқылы ашу болып табылады.

Әбікенов Жарқынбек атап өткендей, әмбебаптылық пен өңірлікке негізделген қазақ этносы басқа да көшпелі этностар сияқты, ұрпақаралық ақпарат беру дәстүрімен сипатталады. Осылайша, Сыр өңіріне де тән, эпикалық жанрдың сансыз аңыздар, ертегілер, термелер, эпика, шежіре және т.б. түрінде айрықша рөлі атқарады. Қазақ этносының мәдени ерекшелігі отбасымен байланысты ұйым деңгейіндегі экзогамия болып табылады: бір ұрпақтың, бір отбасының, бір ағайындылардың, жеті ұрпаққа дейін некелеріне, инцеске тыйым салу. Қазақ этносын өзге этникалық топтардан айыратын тағы бір ерекшелігі-этносаралық өңірлік күрделі құрылым. Қазақтың барлық ру-тайпалық кешені жоғарыдан төменге дейін еніп жатқандай тұтастықпен көрінеді. Әрбір тайпа бірнеше иерархиялық ұйымдасқан этникалық топтарға, сондай-ақ әлеуметтік қарым-қатынастардың күрделі жүйесімен біріктірілген шағын топтарға бөлінеді.

Сондықтан өңірлік бөлінген қоғамның кішігірім ұясы болған қазақ отбасының маңызды әлеуметтік функциясы – жас ұрпақты дәстүрлерге құрметтеу, тәрбиелеу нормаларын дамыту және олардың этностық мінез-құлық ережелерін нығайтуға тәрбиелеу жүзеге асырылады. Ата-бабаларымызға құрмет көрсету және олардың дәстүрлерін ұстану қазақ отбасына тән қасиет болды. Дәстүр бойынша, қазақ отбасын рухани қасиеттердің негізгі тірегі және қамқоршысы болып табылатын ақсақалсыз елестете алмайсыз.

Докторанттың қорытындыда аталып өткен және алынған негізгі ғылыми нәтижелерін ғылым мен практика үшін маңыздылығы тұрғысынан бағалайық:

-Жарқынбек Әбікенов дәлелдегендей, Сыр өңірінің мәдени құндылықтар моделі табиғи, психологиялық және әлеуметтік құбылыстармен өзара байланыста болуынан туындады;

-Сыр өңіріндегі киелі нысандар түрлі танымдық аңыздар арқылы тарих адам өміріне етене жақын кіретіндігі айқындалды, бұл өңірдегі діни ағартушылар мен батырлар институты қоғамдық сананың жоғары деңгейі мен рухани құндылығын білдіреді;

-семиотикалық тұрғыдан Сыр өңірінің мәдени суреттемесі-жалпы қазақ әлемінің сипаттамаларымен анықталған ұжымдық әлем моделінің бір бөлшегі және өзіндік, ерекше әлемді тану белгісі екендігі көрсетілді;

-Сыр өңіріндегі қазіргі мәдени болмыс өзінің әсерін тигізіп, ұлттық төлтумалық келбеттің бедерсіздене бастауына әсер етіп отырғандығы нақтылы әлеуметтік зерттеулермен көрсетілді;

-Сыр өңірі халқының құндылықтарға рәміздік бағдарлану жүйелеріне ерекше әсер ететін этнопсихологиялық жағдайларға: этнос, отбасы, тегі, яғни дәстүршілдік яғни, өткен және қазіргі жаңа құндылықтарды сүзбелейтін этнофоралардың құндылықтарға бағдарланудың даму сипаты мен бағыттылығын анықтайтын орнықты дәстүрлі әлеуметтік институттары жататындығы дәлелденді.

Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер заманауи мәдениетті зерттеуде белгілі бір рөл атқаратынын атап өтуге болады:

-Бүгінгі замандағы жаһандану-өркениеттің кезекті даму сатысы. Қазіргі әлемдік мәдениет пен өркениетте ерекше ықпал тигізіп отырған жаһандану-өмірдің барлық салаларын қамтып отырған күрделі процесс. Ол дүниежүзілік адамзат қоғамының даму заңдылықтарын айқындайтын факторлардың бірі ретінде қоғамда тіл мен дінімізге, рухани кеңістігімізге әсер етеді. Сондықтан Сыр өңірі құндылықтарын семиотикалық зерттеу қазақ халқының рухани түлеуінің тарихи жағдайларды түгендеусіз мүмкін еместігін, тарихи, ділдік, діни және тілдік сабақтастықтың ұлттық идеологияның негізі екендігін айқындайды.

-Біздің әлемдік өркениетке қол жеткізуімізге мүмкіндік туды. Бұл орайда әлемдік өркениеттің өрісіне шыққан, дамудың сара жолына түскен елдердің тәжірибесіне баса назар аудара отырып, өз жолымызды табудың маңызы зор болмақ. Демек, біз, таяудағы жылдарда дәстүрімізге сай халықтық қалпымызға оралып, әлемдік білімді игеруге қол жеткізу арқылы біздің де өркениетті елдердің қатарына қосылуымызға, яғни адамзат өркениеті биігіне көтерілуімізге толық мүмкіндігіміз бар екендігі ақиқат.

-Дұрыс құндылық бағдарды ұстанып, болашаққа сеніммен аяқ басудамыз. Еліміздегі этно-демографиялық, саяси-әлеуметтік жағдайдың дамып, өзгеруіне байланысты осы идеялардың арасынан басталған реформалардың табысты жүргізіліп, оған қоғам мүшелерінің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін, халықтың көпшілік бөлігінің рухани сұранысын қамтамасыз ете алатын ұлттық дәстүрін, құндылықтарын мемлекеттік дәрежеге көтерудің қажеттілігі барынша сезіле бастады. Ұлттық мемлекет-еліміздің негізін құраушы, ұйыстырушы


қазақ ұлты және қазақ ұлтының қалыптасқан тарихи мекені болғандықтан міндетті түрде қазақ ұлтының мемлекеттігі орын алуы шарт.

-Қазақтың ұлттық мүддесі-ұлттық құндылықтар. Құндылықтар ұлтқа берілетін анықтаманың әр параграфынан құралады: атамекені, ана тілі, қалыптасқан ділі, бір діні, ортақ салт-дәстүрі, төл әдет-ғұрпы, жалғыз тарихы. Ұлттық идея-ұлттық құндылықтардың жаһандастыру дәуірінде қауіпсіз өмір сүре алатын жағдайын көксеген мұраттың көрінісі. Ұлттық идея-талай ұрпақтың еңбегімен, қуанышымен сараланған рухани дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы.

Жаһандану кезеңіндегі өзіндік ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу күрделі де, қажетті болып табылады. Ол ұлттық идея, ұлттық идеология мен ұлттық рухтың негізінде, қазіргі қоғамға сай қаншалықты ыңғайланса да, өзіндік өзегін сақтайтын мызғымас құндылықтарымызды жоғарғы дәрежеде қалдыру міндет. Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгіннің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеологиямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты, ой толғаныстары күшті ел болу еш күмән тудырмайды

«6D020400-Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Әбікенов Жарқынбектің «Сыр өңіріндегі мәдени құндылықтарға семиотикалық талдау» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысы талаптарға сай орындалған аяқталған еңбек болып табылады. Диссертант өңірлік аксиологиялық мәдениетке қатысты семиотикалық теориялық және қолданбалы жаңа ғылыми нәтижелерді тұжырымдаған, кросс-мәдени және кейс-стади әдіснамасын және нақтылы әлеуметтанулық-мәдениеттанулық сауалнаманы қолданған. Диссертацияны қорғауға ұсынуға толық негіз бар.

**Ғылыми кеңесші, философия ғылымдарының докторы, профессор**



**Габитов Т.Х.**

